



ПРИОЗЕРСКИЙ

Вестник

18+

№ 50/694

09 декабря 2020 года

газета издается с 26.06.2004 года

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ КҮНІМЕН! С ДНЕМ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН!

Құрметті әріптестер, құрметті қала тұрғындары!

Сіздерді еліміздің ең басты ұлық мерекесі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың аңсар арманы болған, даналарымыздың үзілмес үміті болған, Алаш ардақтыларының осы жолда жаны пида болған қасиетті ұғым!

Өз мемлекетінің тәуелсіздігін қастерлеу, өзін тұратын елдің егемендігін құрметтеу – тек патриоттық парыз ғана емес, үлкен гуманистік жауапкершілік. Тек азат адамдар мен тәуелсіз халықтар ғана дүниеде шынайы жарастық орната алады. Мемлекеттер мен халықтардың өз еркі өзіндегі тәуелсіздігі – ешкім тіл тигізе алмас қасиетті ұғым. Бұл қазіргі адамзаттың ең басты мұраты, ең асыл игілігі.

Қадірлі жерлестер!

Баршанызға зор денсаулық, шаңырақтары-ңыз шаттық, берекелі бірлік пен баянды тірлік тілейміз!

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы, мәңгілік еліміздің келбеті сәнді, еткен еңбегіміз мәнді болсын!

Құрметпен,
Қала әкімі
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

Уважаемые коллеги, уважаемые жители города!

От всей души поздравляем вас с главным великим праздником страны-Днем Независимости Республики Казахстан!

Независимость была заветной мечтой наших предков, непреодолимой надеждой наших мудрецов.

Уважение независимости своего государства, уважение суверенитета своей страны - это не только патриотический долг, но и большая гуманистическая ответственность.

Только свободные люди и независимые народы могут создать подлинную гармонию в мире. Самостоятельность государств и народов в своей воле – понятие святое, которое никто не может оскорбить. Это самый главный идеал, самое благо-родное достояние современного человечества.

Дорогие земляки!

Желаем всем крепкого здоровья, счастья, благополучия и процветания!

Пусть наша независимость будет вечной!

С уважением,
Аким города
Секретарь маслихата

К.Камзин
Б.Сәрсембеков



ҚАЗАҚ ҮШІН ҚАСИЕТТІ МЕРЕКЕ



Жыл сайын 16 желтоқсанда – Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні атап өтіледі. Оған қол жеткізу оңай болған жоқ, көптеген адамдар еліміздің болашағы үшін күресте жанын пида етті. Сондықтан, ата-бабаларымызбен мақтануға тиіспіз, өйткені олардың арқасында, біз тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Қазір біздің мемлекетіміз еркін ғана емес, сонымен қатар демократиялық елміз. Тарихымызда алғаш рет, демократиялық негізде Президент сайланды, Атазаңымыз қабылданды. Жаңа мемлекеттік рәміздеріміз бар: елтаңба, әнұран және ту. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып қабылданды. Әрине, басында қиын болды, бірақ еліміздің ардақты азаматтарының халқымыздың ауызбірлігінің және татулығының арқасында біз бәрін жеңіп, тек алға қарай жүрдік. Халық өз мемлекетін жақсы көреді және оның жарқын болашағы үшін күреседі. Тәуелсіздік жылдарында үлкен жетістіктерге қол жеткіздік: жаңа мемлекет құрылды, экономикамыз дамыды және адамдардың өмір сүру деңгейі жоғарылады. Елімізде тұратын әр ұлт, өз тілінде сөйлеуге, мәдениеті мен дәстүрін дамытуға

мүмкіндік алды. Бірқатар халықаралық ұйымдардың мүшесі болып қабылданды. ЕХРО – 2017 көрмесін өткізу, өнер жұлдыздары мен спорт тарландары арқылы, бүкіл әлемге танымал болдық. Егер тарихқа үңілесек, азаттығымызды алу үшін, бізге 200 жыл қажет болған. Мыңдаған батырларымыз еліміздің еркіндігі үшін күресіп, жан тапсырды. Ұлы Отан соғысына белсене қатысып, жеңіске жеттік. Сондықтан, 16-желтоқсан күні – қазақ халқының батырлығы мен еңбегінің нәтижесі.

Қыран құсы көк аспанда қалықтаған азаттық туының астында өмір сүріп келеміз. Нұрлы күн шуағын шашып, сәулесін төгіп келеді. Қанша айтсақ та, тозбайтын, таусылмайтын қайран, азаттығымыз! Күні кеше тәуелсіздікке ұмтылған қазақ жастарының арманы, міне, бүгін орындалып отыр. Кешегі желтоқсан желінің ызғары әлі де болса, сүй қойған жоқ һәм көңілдерден өшкен жоқ. Алматы алаңдарында көтерілген, ізінше үлкен дауылға айналып, ақырында бүкіл Кеңес Одағы аумағында ғаламат сілкіністерге әкеліп соққан азаттық үшін күрестің жемісін бүгін біздер татып отырмыз. Бұл жеңіс бізге оңай жолмен келген жоқ. «Өз аяғымен келген», «біреу сыйлаған», «аспаннан түскен» деген сықылды теңеулер танылып үлгерген егемендігіміз, шынтуайтқа келгенде, ең алдымен, желтоқсан жастары бастаған күрестің заңды нәтижесі еді. Бұл – қазақтың ержүрек, батыр ұл-қыздары сыйлаған тәуелсіздігіміз. Өзім көрмесем де, өскелең ұрпақ көрсін деп, тәуелсіздік жолында жанын қиған қаһармандарымызға мәңгілік өтеп бермес борыштармыз. Еліміз деп еңіреген, жаны мен қанын аямаған сондай жастардың бел ортасында жүрген және желтоқсан көтерілісі құрбандарының қатарында Е.Сыпатаев, С.Мұхамбетжанова, К.Молданазарова, Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдіқұлов, Л.Асанова сынды ержүрек қазақ жастары бар. Елдіктің, ерліктің жолында ерлердің ісі бітпейді.

Ел болып, егемендік алып, еңсеміз көтеріліп, ұлттық құндылықтарымызды

ұлықтап, заңғар көкке құлаш сермеген, көк байрағы көк аспанда қалықтаған тәуелсіз, бейбіт елміз. Әлемнің өркениетті мемлекеттері Қазақстанды танып білді. Тәуелсіздік елімізге өз жемісін, сыры мен сипатын, салтанаты мен сүйіспеншілігін сыйлауда. Қазақстан – менің елім, менің туып-өскен жерім. Туған жерім – тәуелсіз, азат ел. Кіндік қаным да осы жерге тамған. Біз тәуелсіз Қазақстанның тәуелсіз, бақытты ұрпақтарымыз. Бейбітшіліктің туын алдағы уақытта біздер және сіздермен бірге қалықтатамыз. Дархан даланың дара тұлғаларының бірі де бірегейі – ақын Мағжан Жұмабаев:

**Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,**

Мен жастарға сенемін! - деп жырлап, бізге үлкен сенім артқан. Ел болашағы жастардың қолында. Болашақ солардан басталады. Аға буын өкілдері жастарға зор сенім артып отыр. Сіздердің алдағы мақсаттарыңыз – көсегемізді көгертіп, тәуелсіздік жалауын жалған өмірдің атжал айдынында асқақ биікке көтеріп, айбынымызды жаһанға таныту. Мемлекеттің аман-есен дамуына тыныштықтан артық, азаттықтан артық ештеңе керек емес. Ендеше адамдар мен қоғамның, мемлекеттер мен халықтардың өз еркі өзіндегі тәуелсіздігі – ешкім тіл тигізе алмас қасиетті ұғым. Қазіргі адамзаттың ең басты мұраты, ең асыл қасиеті. Ақын, мемлекет қайраткері Мұхтар Шаханов адамды эрқашан демеп, жебеп жүретін құдіретті төрт ана болу керек дейді. Олар: туған жері, туған тілі, салт-дәстүрі және тарихы. Туған жерің – түп қазығың, айбының. Ал, тіл үздік болған жерде нәтиже де болады. Ана тіліміздің осындай көркемдік қасиеті мен тұңғық тереңдігін жас ұрпақтың танып-біліп, сезінуі тиіс.

Қасиетті Қазақстан, киелі қазақ жері гүлдену, құлшыру үстінде. Оның бүгінгі де, ертеңгі де жарқын әрі жасампаз. Дана халқымыз: «Ұлтарактай болса да, атамекен жер қымбат, ат төбеліндей болса да, туып-өскен жер қымбат», - деген. Иә, ата-бабамыз

ғасырлар бойы арман еткен тәуелсіздік бізге құт боп кіріп, көкжиегімізді кеңейтіп, іргемізді бекітті. Күні кешегі кеңестік өктемдік, «тар жол, тайғак кешу» - бәрі, бәрі де келмеске кетті. Бас-аяғы отыз жылдай уақыт ішінде еліміз ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктер биігінен көрінді. Тәуелсіздіктің төл қаласы, Елордамыз Сарыарқа кіндігінде бой көтерді. Туымыз көкке желбіреді, әнұранымыз шалқыды, елтаңбамыз күн көзіне шағылысты. Елордамызда бой көтерген құрылыс нысандары, биік-биік мұнаралар, зәулім сарайлар мен сәулет өнерінің тамаша туындылары - осының бір дәлелі. Тарихымыз болса, терең дастан, құшағын бәріне ашқан, ауызбіршілігі мол, Еуразияның жүрегі, дархан даласы, кең пейілі бар қазақ деген халықпыз. Егемендігіміз бар, елдігіміз бар. Тәуелсіздік бәрінен қымбат, бәрінен ұлы. Біз тәуелсіздігімізді қастерлейміз, егемендігімізді құрметтейміз.

Алдағы жыл тәуелсіздіктің, бейбітшіліктің пен жасампаздықтың мерейлі 30 жылы жуықтап келеді. Қазақстанымыз заңды түрде отыз жасқа толмақ. Қазақстан – тәуелсіз ел. Ал тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз. Тарихымызды, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді құрметтейік. Біз – тәуелсізбіз, азатпыз, еркінбіз. Ата-бабамыз аңсаған еркіндік. Ұрпағына аманат етіп қалдырған ұлан-ғайыр, кең байтақ жер де біздікі. Осы құндылықтарды қолдан шығармау біз бен сізге сын. Алдағы уақытта да ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау, тәуелсіздігімізді жалғастыру, нығайту, бәсекеге қабілетті елімізді, дархан даламызды сақтап, ұрпаққа аманат етіп беру – біздің қасиетті борышымыз.

Тәуелсіздік – менің және барша қазақ жұртшылығының ұзақ жылдар бойына созылған жеңісіміз, мақтанышымыз. Соның ішінде біз бен сіз де тәуелсіз елдің тәуелсіз, бақытты ұрпағымыз. Тәуелсіздік мерекесі барша Приозерск қаласының тұрғындары үшін құтты, баянды, мәңгілік болғай!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ



ТӘУЕЛСІЗДІК- ЕЛ ТҰҒЫРЫ!

Тәуелсіздік – ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Еліміздің тәуелсіздік алғанына 30 жыл. Осы 30 жыл ішінде Қазақстан етек жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына зайырлы дербес ел болды. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз президенті, ұлты мен ұлысы, салт мен дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы қалыптасты деп нық сеніммен айта аламыз.

Ғасырлар бойы арман еткен егемендікті қазақтың басына қонған бағы деуге болады. Осы егемендігіміздің, тәуелсіздігіміздің негізінде ата заңымыз қабылданып, ата заңға сүйене отырып қоғамдық келенсіздіктерді реттейтін, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын заңдар қабылданды және жетілдірілу үстінде. Сонау тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдармен салыстырғанда сот билігі өркендеп, сот саласы қарыштап дамып келе жатыр деп айтуға толық негіз бар. Алға қарай ілгерілеу мақсатында судьялар мен сот саласының



мамандарына қажетті жағдайлар жасалып, сот отырыстарын өткізу заманауи техника-

мен жабдықталып өткізілуде. Әрбір сотқа қатысушы тараптар қашықтықтан онлайн

16-желтоқсан

– Тәуелсіздік мерекесі

режимде ешқандай кедергісіз қатыса және сот шешімдерін ғаламтор арқылы оқи алады. Бұл қазіргі кезде тараптардың уақыты мен қаражатын үнемдеуге жасалған нақты қадамдар екенін айта кеткен жөн. Сонымен қатар экономикалық жағдайымыз жақсарып, әл-ауқатымыз артты. Қазақ мектептері мен бала бақшалары саны артты. Білім мен денсаулық жағдайына аса мән берілді, өзге елдермен қарым-қатынасымыз жақсарды. Осының бәрі тәуелсіз елдің абыройы, мақтаншы деуге болады.

Сондықтан бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отан-сүйгіштікті, ұлтына деген махаббаты жоғалтпай, ұмытпай тәуелсіздік - ел тұғырын биік ұстайтын, ынтымағы жарасқан ел болады деген үміттеміз!

Назар А.С.,
бас маман
аға сот приставы

Өнер – өмір өрнегі

ТАЛШЫНҒАН – ЖЕТЕР МҰРАТҚА

Әрбір адамның жүрек түкпірінде бір сиқыр бар секілді. Бұл ғажайып сырға толы сандықта неше түрлі армандар, максаттар бар десеңші! Ал бұл сандықтың ең түбінде немесе кейде жарық жұлдыздай алға шоқ етіп шығатын бір нәрсе бар. Бұл не деп ойлайсыздар? Бұл тамаша нәрсенің аты – өнер. Өнер – әр адамның бойындағы белгілі бір құдірет күші секілді. Кейде өмірден түңілген кездерде немесе көңіл-күй түсіңкі болған жағдайларда, қолыңа домбыра алып, бір шерткеннің өзі сол басыңнан өткен көптеген ауыр кезеңдерді титтей болса да ұмытуға мүмкіндік береді. Ал, мұның өзі қандай керемет дүние. Адамның бойындағы дарын, талант деген осы ғой, шіркін!.. Бірақ өнер ол тек қана белгілі бір аспапты игере білу дегенмен шектеліп қалмау керек, өнер – жан-жақты болады. Адамгершілік қасиетті сақтап жүру, адамдармен жақсы қарым-қатынаста болудың өзі – өнер. Сондықтан да өнер – әрбір адамның өмірінің үлкен бір бөлігі болуы тиіс.

Өнер арқылы адам өзінің өмірге деген ерекше құштарлығын, сүйіспеншілігін білдіреді және өзге адамдардың да өмірге деген көзқарасына ықпал етеді. Адамның өмірі, пейілі және іс-әрекеті-оның өзіне деген махаббаттың көрнісі, өнер арқылы

ұмтылады. Өнер – адамды асқақ сезімге бөлеп, жан дүниесін нұрландыра түсетін құдірет. Ол өмірді кемелдендіріп, ізгілік шуағын таратады. Өнер арқылы адам өзінің өмірге деген ерекше құштарлығын, сүйіспеншілігін білдіреді және өзге адамдардың да өмірге деген көзқарасына ықпал етеді.

Осы аталған өнер және еңбек мәселесіне байланысты Приозерск қаласындағы өзім қызмет ететін № 2 жалпы орта білім беретін мектепте «Өнер – өмір өрнегі» жобасы аясында көркем еңбек пәнінің мұғалімі ретінде 5-сынып оқушыларымен «Шебердің қолы ортақ» тақырыбында өз қолымен бетперде тігу және жұқпалы дерттерден сақтану шаралары бойынша шеберлік сабағын өткіздім. Дәрісті өту барысында шәкірттеріме колонер тақырыбына байланысты жоғарыдағы айтылған өнер туралы мәтінді ауызша баяндап, түсіндірдім. Бұдан кейін балалардың еңбекке және колонерге болған қызығушылығы артып, бетперделерді әркім өз ой-княлы, шеберлігі арқылы тігіп шықты. Бұл еңбек олардың өз қолдарынан шыққан, маңдай терімен жасалған туындылары еді. Сондықтан олар өздерінің еңбектерінің нәтижесіне көз жеткізді. Бұдан әрі оқушы-



өмірге деген көзқарасымызды білдіреміз. «Нағыз өнер адамның игілігіне қызмет етеді», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы: «Өнер – адамның азығы, ол халықтың бүгін мен келешегі, арманы мен княлы, жалпы болмысы», - деген екен. Балалардың қабілетін арттыру мақсатында осы тәсіл арқылы олардың денесі, ойы сергітіледі. Балалар денелерін түзу ұстап, бастарын жоғары көтеріп, ыңғайланып отырады. Көздерін жұма отырып, ойлануына да болады. Ауаны терең жұтып, еркін тыныстайды, айналадағы барлық тіршілік иесі оларды аялап, қоршап, қамқор болып жатқанын сезінеді. Тұла бойлары жақсылыққа, махаббатқа толғанып сезінуге

лар өздігінше ізденетін, оқитын және еңбектенетін болады. Еңбек пен өнерге деген талпынысы, құлшынысы және өздеріне болған сенімдері артады. Оған қоса әлемге қауіп төндіріп отырған дерт туралы теренірек біледі, оның алдын алуға көмектеседі хәм көпшілікке жұқпалы дерттен сақтануды насихаттайды. Осылайша олар да қоғамға өз қал-қадерінше көмек қолдарын созады.

Айгерім СКАКОВА,
№ 2 жалпы орта білім беретін
мектептің көркем еңбек пәнінің
мұғалімі.
Суретте:
оқушылар өз туындыларымен.

АРМИЯ БЕЗ КОРРУПЦИИ !

Коррупция, являясь глобальной проблемой современности, сегодня в той или иной степени существует во всех странах мира. Не обошло стороной это явление, к сожалению, и нашу страну. Руководством страны принимаются различные меры по искоренению коррупционных правонарушений.



Коррупция разлагает и расшатывает государство изнутри, сводит на нет инициативы и достижения. Это угроза национальной безопасности. Вооруженные силы стоят на страже безопасности нашей республики, ее интересов. Поэтому коррупция в воинской среде – совершенно недопустимое явление, поскольку оно ставит под угрозу безопасность страны.

Этимологический подход к содержанию понятия "коррупции" позволяет определить последнюю как "подкуп", "взятку", исходя из латинского слова "corruptio". В римском праве имеется также понятие "corruptio", которое трактовалось самым общим образом, как "разламывать, портить, разрушать, повреждать, фальсифицировать, подкупать" и обозначало соответствующее противоправное действие. Толковый словарь русского языка характеризует коррупцию как подкуп взятками, продажность должностных лиц.

Противодействие коррупции в войсках является одним из приоритетов деятельности командования части и командования подразделений. Важная роль в воинской части в этих процессах отводится командиру части, который должен контролировать все, что происходит в воинской части, быть примером поведения и принципиальным в отношении проступков, совершенных подчиненными.

Одна из главных задач комиссии – пресекать, то есть не допускать любые коррупционные правонарушения в части.

Для противодействия данному явлению в воинской части 44841 реализуется система мероприятий по профилактике

коррупционных проявлений. В частности, был определен перечень должностей войсковой части 44841 с высоким риском совершения коррупционных правонарушений, а также определены мероприятия по контролю за деятельностью должностных лиц, занимающих эти должности. Особое внимание направлено на контроль

деятельности лиц, связанных с финансово-хозяйственной деятельностью части.

В целом, работа комиссии Приозерского гарнизона направлена на то, чтобы у военнослужащих не возникало желания преступать закон. Фактов совершения коррупционных правонарушений в войсковой части 44841 не имеется. При выявлении сотрудниками военной прокуратуры даже малейших нарушений законности все внешние акты реагирования рассматриваются на служебных совещаниях командования части с обязательным участием сотрудников военной прокуратуры. Организовано тесное взаимодействие с правоохранительными органами города при проведении антикоррупционных мероприятий в целях повышения правовой осведомленности военнослужащих и обмена соответствующей информацией о фактах коррупции в армии.

Кроме этого, постоянно действует межведомственное совещание военных органов управления и уголовного преследования Приозерского гарнизона по взаимодействию в борьбе с преступностью.

Таким образом, результатом этой работы стало обеспечение защиты интересов государства и прав граждан от коррупционных посягательств, создание в части атмосферы нетерпимости к коррупционным проявлениям, повышения правового самосознания и принципа неотвратимости наказания за совершённые проступки.

Б.Ондасын,
заместитель командира роты по ВиИР
войсковой части 44841,
старший лейтенант



ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА "ADAL" ПАРТИЯСЫ ҚБ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ФИЛИАЛЫНЫҢ ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМІН КАНДИДАТТЫҚҚА ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

СООБЩЕНИЕ ПРИОЗЕРКОЙ ГОРОДСКОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ О РЕГИСТРАЦИИ ПАРТИЙНОГО СПИСКА КАРАГАНДИНСКОГО ОБЛАСТНОГО ФИЛИАЛА ОО «ПОЛИТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ «ADAL» КАНДИДАТОВ В ДЕПУТАТЫ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА

2020 жылдың 4 желтоқсанында Приозерск қалалық сайлау комиссиясы Приозерск қалалық мәслихатының депутаты кандидаттығына "ADAL" партиясының партиялық тізімін тіркеді:

04 декабря 2020 года Приозерская городская избирательная комиссия зарегистрировала партийный список партии «ADAL» кандидатов в депутаты Приозерского городского маслихата в составе:

Table with 4 columns: № п/п, Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), Туған жылы, Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері. Row 1: 1, Қасымбек Жанерке Қанатбекқызы, 02.05.1994, Жеке кәсіпкер, Балқаш қаласы

Table with 4 columns: № п/п, Фамилия, имя, отчество (при его наличии), Год рождения, Занимаемая должность (занятие), место работы и жительства. Row 1: 1, Қасымбек Жанерке Қанатбекқызы, 02.05.1994, Индивидуальный предприниматель, г.Балқаш.

Приозерск қалалық сайлау комиссиясы

Приозерская городская избирательная комиссия

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА «ҚАЗАҚСТАННЫҢ «АҚ ЖОЛ» ДЕМOKPATИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ» ҚБ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ФИЛИАЛЫНЫҢ ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМІН КАНДИДАТТЫҚҚА ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

СООБЩЕНИЕ ПРИОЗЕРКОЙ ГОРОДСКОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ О РЕГИСТРАЦИИ ПАРТИЙНОГО СПИСКА КАРАГАНДИНСКОГО ОБЛАСТНОГО ФИЛИАЛА ОО «ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ КАЗАХСТАНА «АК ЖОЛ» КАНДИДАТОВ В ДЕПУТАТЫ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА

2020 жылдың 04 желтоқсанында Приозерск қалалық сайлау комиссиясы Приозерск қалалық мәслихатының депутаты кандидаттығына «АҚ ЖОЛ» партиясының партиялық тізімін тіркеді:

04 декабря 2020 года Приозерская городская избирательная комиссия зарегистрировала партийный список партии «АК ЖОЛ» кандидатов в депутаты Приозерского городского маслихата в составе:

Table with 4 columns: № п/п, Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), Туған жылы, Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері. Rows 1-3: 1. Мухсин Ринат Бекзатович, 03.04.1993, Приозерск қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімінің маманы, Приозерск қаласы. 2. Нарестина Жазира Есенамановна, 29.10.1973, «Балақай» бөбекжайы директорының әкімшілік шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары, Приозерск қаласы. 3. Нарымбетов Муратбай Енсейтбаевич, 03.10.1969, Жеке кәсіпкер, Приозерск қаласы.

Table with 4 columns: № п/п, Фамилия, имя, отчество (при его наличии), Год рождения, Занимаемая должность (занятие), место работы и жительства. Rows 1-3: 1. Мухсин Ринат Бекзатович, 03.04.1993, Специалист Приозерской городской отдела регистрации и земельного кадастра, г.Приозерск. 2. Нарестина Жазира Есенамановна, 29.10.1973, Заместитель директора по административно – хозяйственной работы, ясли сад «Балақай», г.Приозерск. 3. Нарымбетов Муратбай Енсейтбаевич, 03.10.1969, Индивидуальный предприниматель, г.Приозерск.

Приозерск қалалық сайлау комиссиясы

Приозерская городская избирательная комиссия

ХАБАРЛАНДЫРУ

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Қала әкімінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 2/1 қаулысымен Приозерск қаласының аумағында Қазақстан Республикасы Президентітігіне, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісіне партиялық тізімдер бойынша, облыстық және қалалық мәслихат депутаттарына үміткерлерінің сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жайларды және үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындары анықталған:

Постановлением акима города № 2/1 от 21 января 2016 года определены места для размещения агитационных печатных материалов и помещений для проведения встреч с избирателями кандидатов в Президенты Республики Казахстан, депутаты Мажилиса Парламента Республики Казахстан по партийным спискам, областного и городского маслихата на территории города Приозерск:

- 1. «Березка» дүкенінің маңында орналасқан хабарландыру тақтасы;
2. «Интернет кафе» дүкенінің маңында орналасқан хабарландыру тақтасы;
3. Приозерск қаласының «Қазақтелеком» АҚ бөлімшесі ғимараты маңында орналасқан хабарландыру тақтасы;
4. Қалалық базардың жанында орналасқан хабарландыру тақтасы;
5. Орталық алаңдағы хабарландыру тақтасы.

- 1. Доска объявлений возле магазина «Березка»;
2. Доска объявлений возле магазина «Интернет кафе»;
3. Доска объявлений у здания Приозерского отдела АО «Казахтелеком»;
4. Доска объявлений у городского рынка;
5. Доска объявлений на центральной площади.

Кездесу өтетін орын: «Приозерск қаласының «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының акт залы.

Место проведения встреч: Актный зал коммунального государственного казенного предприятия «Центр детско-юношеского творчества «Достық» города Приозерск».

Приозерск қалалық сайлау комиссиясы

Приозерская городская избирательная комиссия

COVID-2019

ПЦР-ЛАБОРАТОРИЯ МОЩНОСТЬЮ 500 ТЕСТОВ В СУТКИ ОТКРЫЛАСЬ В БАЛХАШЕ

На базе центральной балхашской больницы открылась ПЦР-лаборатория. Её мощность составляет 500 тестов в сутки. Обслуживает учреждение население Балхаша, Приозёрска, Актогайского и Шетского районов. В общей сложности это около 130 тысяч человек.

специальное обучение на базе ведущих лабораторий Караганды.

появлением новой ПЦР-лаборатории есть возможность выявлять коронавирусную инфекцию более оперативно. Обработка анализов занимает в среднем 5 часов. Результат выдаётся в течение суток.

Учреждение соответствует всем требованиям и оснащено необходимым оборудованием производства Германии. В помещениях проведён ремонт, установлена техника, закуплены необходимые реактивы. Сотрудники лаборатории прошли

Общая стоимость проекта составила 39 млн тенге. Его реализация состоялась и благодаря поддержке «Сары казна»: спонсоры закупили медоборудование на 29 млн тенге.

По информации пресс-службы Управления здравоохранения Карагандинской области.

Раньше все биологические материалы на исследование ПЦР направлялись из Балхаша в Караганду. На получение результатов уходило от 3 до 5 дней. С

Источник: www.http://ekaraganda.kz



